



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

2. Касеналин А.Е. Сарыарқаның қола мен ерте темір дәуірлері арасындағы өтпелі кезең ескерткіштері // Автореферат канд., диссерт.- А.: 2014, 109 б.
3. Культура Алтая – Бронзовый век (4 тыс. – 1 тыс. лет...) kultura-altaia.ucoz.ru > index/0-18
4. Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К. Археология Казахстана: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – А.: Қазақ университеті, 2006, 356 с.
5. Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. – А.: «Алматы-Болашақ» баспасы, 2011, Т.9, 472 б.
6. Авизова А.Қ. Археология.-А.: Эверо, 2016, 224 б.
7. Сембайқызы Б. Арқадағы көне құрылыстар.- А.: Арыс, 2015, 54 б.
8. Лысенко Ю.А, Домостроительство андроновских племен Урало-Иртышского междуречья // Автореферат.дис.канд.ист.наук.- Алматы, 2003, 29 с.
9. Марғұлан Ә.Х. Шығармалары.- А.: «Алатау» баспасы, Т. 7, 2009, 432 б.

ӘӨЖ 392.9

ИШАНДЫҚ ДӘСТҮРДІҢ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ РӨЛІ

Кенжебаева Еркежан Жангелдіқызы

ae.11.ken@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Археология және этнология мамандығының 3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - З.Ибадуллаева

Заманды өзгертетін, немесе қоғамның тұрақтылығын ұстап тұратын күштердің бірі рухани байлық, оның негізі берік сенімді орнықтыратын дін. Қазақ халқында, көшпелі ортада Алланың бірлігіне, имандылыққа бас июге, мұсылмандықты уағыздаушы қазақтың дәстүрлі қоғамында этноәлеуметтік топтың өкілдері ретінде саналған ишандар орын алды. Олар Кеңес өкіметі орнап, Коммунистік партия үстемдік еткен кезеңде де, қоғам өмірінде мұсылмандықты, құран оқуды, шариғат негіздерін насихаттап, оларды халыққа таратып, мұсылмандықты барлық ортада іске асырушылар ретінде танылды. Осы үрдісті іске асырушылар ретінде қазақ даласында мұсылман дін иелері атанған ишандар және олармен қоса қожалар болды. Сондықтан да олар қазақ қоғамында жоғарғы топ иерархиясын құрағандығын тарихи деректер бойынша білеміз.

Әдетте ишандардың қазақ даласындағы ықпалы олардың діни ілімінен байқалды. Олар ел өмірінде әлеуметтік топты құра отырып мұсылман дінінің имандылық-тәрбиелілік қасиеттерін үгіттеп, мешіт салдырып, медреселер ашты.

«Ишан» атуы – Орта Азия елдерінде суфизм жетекшілеріне берілетін атақ, ол мұрагерлік ретінде әкесінен баласына өтіп отырған. Сондай-ақ жергілікті жерлерде ишандар құранның басты мәнінен хабардар молдалар ретінде танылумен бірге, олардың генеалогиялық шығу тегі белгілі бір қасиетті әулиеден, ақсүйектерден (қожалардан) шыққандығы да ескерілді. Демек, ишандардың негізгі атқаратын қызметі мұсылман негізін насихаттау және олардың көпшілігі атақты қожалардан шыққан. Бұл көрініс түрікмендер арасында да орын алып, ишандар қожалар тобынан болды және ишан атағы мұрагерлік сипат алды.

Қазақ халқының құрамында генеалогиялық қатынасқа түспейтін, үш жүздік құрылымға енбейтін топтар төрелер мен қожалар орын алады. Қожалар үш жүзге кірмейтін рулар ішінде өздерінің болмыс-мінезімен, әдет-ғұрпымен дараланған субэтникалық топтың бірі. Қожалар тобы тарихи-табиғи процесс нәтижесінде қалыптасқан этнос құрылымының элементі болып табылатын этникалық жүйе ретінде қазақ ұлтының бір бөлігіне айналғанына да көптеген ғасыр өтті. Этностың құрылымындағы мұндай даралану Л.Н.Гумилев бойынша, субэтнос болып табылады.

Қожалар елдің рухани өмірінде мұсылмандық мәдениеттің ең жоғарғы қызметшісі, сондықтан да Орта Азия мен қазақ халқы арасында мұсылман дінін таратып уағыздаушы, әрі Мұхаммед пайғамбардың алғашқы халифтарының ұрпағы болып есептеледі.

Жергілікті халықтың айтуынша, «ишан», «мақсұм» («мағзұм») атауы бір негізде көрсетіледі. Ишан, мағзұмдар белгілі бір рудың ішінде, пайғамбар әулетінен шыққан ғалым, ғұлама кісі, ол ислам дініне берілген адам, оларға бұл атақты, әдетте халықтың өзі беріп отырған. Сондықтан да оны сол рудағылар «ишан» деп атаған. Сондай-ақ түрікмендерде де бір немесе бірнеше ауылға жоғарғы діни ілімі бар, дін иесі танылған ишандар орын алды.

«Ишан» парсы тілінен аударғанда «олар», «олардың қайырымдылығы», «шапағаты» деген мағынаны білдіреді, яғни оларға құрметпен, ізетпен айтылатын сөз. «Ишан» орта азиялық терминде «ишон», «эшон», «эшен» деп аталып, ол қасиетті және құрметті дін иелеріне берілген титул болды.

И.И.Гейер пікірінше, қазақ даласында бір рулы елге немесе діни жанұя басшысы болып табылатын бірде-бір қазақ және көшпелілердің бір топ іріктелген топтарында өздерінің «пірі», басты ілімі бар қырғыздар, яғни (қазақтар-И.3.) болмаған. Сондықтан да олар өздерінің піріміз деп ишандарды атады. «Ишан» және «қожа» топтарын қазақтар бір-біріне ұқсас деп қабылдады, себебі ірі ишандар қожа тобынан шыққан. Оңтүстік Қазақстан қазақтарының арасында, олардың пірі-қожа болды [1, С. 237]. Мұндай көрініс қазақ даласының барлық аумағында көрініс алды. Бұл пікірдің дұрыстығын Арал өңірі ауыл ақсақалдарының айтуынша, бір рулы елде (мысалы, Кіші жүз, Төтрқара рулы елі болса) 1-2 үй қожа болса, оларды «пір» санап, құрметпен қараған. Сондай-ақ Арқадағылар Қожахан қожаны, Алтай өңіріндегілер Керей ишанды, Тобықтылар Әуез қожаны өздерінің піріміз деп атаған. Демек, араб миссионерлері немесе Мұхаммед пайғамбар ұрпақтары әрбір өңірлердегі қазақ руларымен тығыз араласып, олардың «пірлеріне» айналған. Әрбір қазақ пірге қол беріп, өздерінің рухани көсемдеріне айналдырды. Ал, Маңғыстау қазақтарының арасында мұсылман дінінің таралуына әсер еткен түрікмен қожалары мен Орта Азия халықтарынан шыққан діншіл сопылар екендігін Маңғыстау қазақтарын зерттеуші Ү. Қыдыралин атап өткен. Маңғыстаудағы түрікмен қожалары өздерінің шығу тегін Мұхаммед пайғамбардың қызы Фатимадан деп уағыздайтындықтан, оларды жергілікті түрікмендермен бірге қазақтар да қатты сыйлап құрметтеген. Сондықтан да түрікмен рулары Маңғыстаудан жаппай көшкен кезде бұрынғы орындарында қалып, қазақтармен тіл табысып тұра береді.

Қожалардың ерекше діни беделі болумен бірге, олар дін басыларының және бүкіл дін қызметкерлерінің басында болған. Атап айтқанда, қожа-кәлән – дін басыларының қызметін бақылап отыратын, ең жоғарғы діни лауазымды иеленуші «ұлы қожа» атанғандар, ал ишан-сүдірлер – бас ишандардың бірі, ишан-накиб – сопылық бауырластықтың басшысы болды. Бұл аталған қызметтердің барлығында да сейіттер (Мұхаммед ұрпақтары Фатима мен Әзіреті Әліден өрбіген ұрпақтар-И.3.) отырған [2, 504-б.].

Пір атағы ишандық қызмет сияқты мұрагерлік сипатта болған, егерде ол қайтыс болса, оның мирасқоры баласы немесе жақын туысы болып саналған. Д.Х.Кармышеваның мәліметі бойынша, әрбір қожа ірі тайпаларға немесе қандай да бір руға діни тәлімгер (жетекші) болды. Ол ХХғ. басында-ақ жыл сайын немесе 2-3 жылда бір рет ауылдардағы өздерінің құрметтеушілерін аралап, олар қайтарында сыйға берілген малдар мен теңдеп жүк артылған жануарлармен, астық және басқа да азық-түлікпен толтырылып қайтатын. Бұның бәрі де оларға садақаға діни ант ретінде «нәзірге» берілді [1, 238-б.]. Халықтың түсіндіруінше, қожалар бұл сый-сияпаттардың бірден-бір бөлігін өздері тұрып жатқан өңірлердегі мазар, медресе және мешіттердің пайдасына, басқа да қайырымдылық мақсаттарға беретін. Қазақ даласындағы ишандардың да қызметі осы негізде болды. Егер де ишан қайтыс болған жағдайда, оның жолын жалғастырушылар ұрпақтары болды. Әрқашанда олар өздерінің ізбасарларымен (мүридтерімен) ауылдарға барып, оларды рухани қанағаттандырумен бірге «нәзір», «уәде», «діни ант» жинайды. Самарқанд және Бұқара

ишандары осындай сапарды жылына екі рет жасайды. Егер де өзі бара алмаса өз атынан жазбаша түрде куәландырып жіберетін. Сондықтан да олардың (мүридтерінің) «нәзір» жинауға құқы бар. Ауылға келушілер өздерін толғандыратын мәселелер мен дін туралы айтып, «қасиетті дем беріп», күнәларынан арылуға сендіріп жандарын тазартады. Үй өмірінің тыныш, дастарханның берекелі, үй адамдарының саулығын тілеп «Бата»- «Пата» (Фатиха) береді. Ишан келген кезде ауыл адамдарының өз қалауларымен берілетін сыйлықтарымен бірге мал сойылып, ең жақсы құрметке ие болған. Орта Азия тарихындағы ишандар «менмендік», «атақ», «байлық» үшін емес, бұқара халық ішінде ықпалы күшті болғандықтан, олардың «ізбасарлары» болумен бірге басты лауазымдарға ие болды.

Сондай-ақ баласы ауру болғандар ишанның алдына барды. Қызы немесе баласы қатты ауырған кезде, оның өмірін сақтау үшін кей жағдайда «нәзір» етеді, яғни қызы ауруынан айыққаннан кейін, оны емдеген ишанға беретіндігін уәде етіп, сөзінде тұрған [3, 49-б.].

Әскери жағдайлар кезінде де ишандар үлкен сыйлықтар алды, себебі әрбір жорық алдында мүридтер өздерінің ишандарынан жолы болу үшін, найза мен оққа қарсы бойтұмар, бата алып, ишаннан өзінің аман-саулығы үшін жалбарынуын өтінетін. Ол үшін мүридтерінен аман-есен қайтып оралған соң уәделескен «нәзір» сыйлығын алып, әрқашанда тілек, ықыласқа ие болатын.

Орта Азиядағы ишандық дәстүр Түркиядағы әкелік, шейхтік дәстүріне ұқсайды [3, 51-б.]. Орта Азия халықтарында ишандар өздерін «ақсүйек», «асыл тектіміз» дейді.

Қандай да бір адамның ишан болуының алғышарты «ақсүйек» тегінен шығуы, екінші шарты дін үлемасы болуы. Ишандық сипат – ол қаннан, тектен тарайды. Ақсүйек атаулының бәрі бірдей ишан аталуы мүмкін емес. Ишандар шариғат ережелерінің орындалуы, мәзһәп ілімдерін білуі, оған беріліп, білікті болумен қатар, оларды түсінуі шарт. Ишанның ерекшеліктерінің бірі – «кереметті (ғажайыпты)» көрсете алуы. Керемет иесі емес адам ишан бола алмайды. Белгілі бір жасқа келген ишан еркек әулеттері арасынан болашақта ишандық ете алатын қасиеттерге ие біреуді өзіне жалғастырушы ұрпақ етіп тағайындайды. Ол қайтыс болғаннан кейін, оның орнына сол әулеті сайлаған адам ишан болады. Ал әйелдер үшін ишандық берілмейді [3, 52-б.].

Ишандық тұқым қуалайтын болғандықтан қандай да бір ғалымның оқып ғана ишан болуы мүмкін емес. Ишандар өздерін шариғаттан басқа мәзһәппен байланысты үкімдерді құруымен міндетті санайды. Олар шариғат заңдарына бағынып, намаз оқиды. Ишандардың әрқайсысының белгілі мүридтері болған. Сондай-ақ оларға бағынышты ауылдар да орын алады. Бұл мүридтерден туылған балалар да әкелері сияқты сол ишанға немесе оның әулеттеріне бағынышты және бұл жүйе жылдар бойы жалғасып келеді.

Қазақ даласында сопылық бауырластықтың ірі өкілдерінің бірі Қожа Ахмет Яссауи және оның шәкірті Сүлеймен Бақырғани сияқты ірі тұлғалар мұсылмандықтың негізгі қағидаларын насихаттаған болса, ишандық дәстүрдің, қызметтің Қазақстан аумағы бойынша кең өріс алып, етек жаюы ХҮІІІ-ХІХ ғ.ғ. басталады. Алайда, Қазақстанды Ресей империясының отарлауына дейін ишандар 2-3 жылда бір рет өздерінің ізбасарларын аралайтын, бірақ бұл жаңа Ресей отарлауы кезінде біраз уақыт бойы іске аспады. Есесіне қазақтардың өздері оларға келіп тұрды. Бұл кезеңде Оңтүстік Қазақстан өңірінде ортаазиялық ишандар қызметі кең түрде өріс алды. Сыр бойы қазақтарының арасында Бұқара және Қоқан, Самарқан ишандары, Шу өңірінде-Түркістан қожалары белгілі болды. Олардың қазақ даласындағы жүргізген насихаттары туралы Г.А. Арандаренко былай сипаттайды: «ишандар өздерінің мойындатқызулары арқылы қазақтың білгірлері саналған «тәкәппар» қазақтарды да баурап алып, оларға қол беріп Мұхаммед пайғамбардың және Алланың бірлігіне шақырып, өздерінің жетекшілік сенімдерімен куәландырып алды» [1, С.239]. Сондықтан да қазақ даласындағы ишандардың бірқатары;

Айталық, Көшім ишан мүридтері – Дулаттар. Орыс отарлауы кезеңінде Көшім ишан Сырдарияға өтіп кетеді де нәтижесінде мүридтерінің көп бөлігі Көшімнің әулиелігіне

сенімдерін жоғалтып, басқа ишанға өтіп кетеді. Оның ханакасы Талас және Шаян өзендерінің бойында болған.

Мүкім Ата, оның мүридтері Шолаққорған маңындағы Қарнак, Созақ тұрғындары.

Айқожа ишан (1778-1857). Ол қайтыс болғаннан кейін оның ишандық дәстүрін балалары жалғастырады. Оның мүридтері Бірқазан (Перовск-қаз. Қызылорда) маңындағы қоңыраттар мен Созақ пен Түркістан арасындағы, Сыр өңірі бойындағы Алшын, Жаппас, Қоңырат, Найман, Уақтар. Олардың ханакасы Түркістан мен Перовск арасы, Сырдария өзенінің бойында болған.

Айқожа ишан Жаңақорған өңірінде халықты сауаттандырумен, діни имандылық тәрбиесін берумен айналысқан. Ол Ташкент, Бұқара медреселерінен сабақ алған, оның ұстазы Ислам шайх болған. Айқожа ишан Қарасопыда мектеп, медресе ашып ағартушылық қызметін халыққа дарытқан. (Қарасопы қазіргі Жаңақорғанның солтүстік бағытында 5 шақырым жерде). Бірақ, ол өзінің замандасы Көкен батырдың айтқан сөзіне налып, Қарасопыдан Ақтасқа 30-40 үйін алып көшеді. Сонда өзінің қателігін білген Көкен батыр Сарықамыста (Келінтөбенің маңы) көшті қуып жетеді де, кешірім сұрайды. Бірақ, көк көзді, сары өңді Айқожа ишан кешірім бере тұрып, «жолға шыққан көштің кері қайтуы әбестік» - деп жүріп кетеді. Ақтасқа келіп жеткенде өзінің жұрттарына; «Құдай қаласа, ендігі қонысымыз осы жер болады»- дейді. Сонда жұрттары; «Елсіз, сусыз жерді қалай мекен етеміз»-деген. Сонда Айқожа ишан қасиетті асасын (таяғын) жерге шаншығанда, сол аса шаншылған жерден шымырлап мөлдір су шыға бастайды. Ол жер әлі күнге дейін «Айқожа ишанның бұлағы» деп аталады.

Айқожа ишан ол қайтыс болғаннан кейін 20-22 жылдан (шамамен ХІХ ғ. 80-ші жылдары) соң, оның (11 баласы болған) үлкен баласы Ибаділла басшылығымен Ақтас жеріне салынған. Мешіттің шебері-Халид Бұқарадан алдырылады да, кірпішін құюды жергілікті халық өз күшімен атқарған.

Ақтастағы Айқожа ишан мешіті Сыр өңіріндегі ірі тарихи ескерткіштердің бірі. Бүгінде Айқожа ишаннан тараған ұрпақтар Қазақстан Республикасының түкпір - түкпірінде өмір сүруде. Сыр өңірі бойында өмір сүрген Шәмші мағзұм, Жәмһүр ишан, Сәруар ишан, Қасым ишан т.б. дін уағыздаушы, дін иелері деген атпен түрмеге жабылып, 1937-38 жылдары атылып кеткен. Олардың бірі Жәмһүр ишанды «ишан» деп ұстап, түрмеге отырғызғанның өзінде намаз оқыған. Оның кереметі туралы халық арасында; «түрмеде отырғанда-ақ кешкі «құптан» намазынан кейін Алла-тағалаға жалбарынып, зікір салады. Сонда түрменің есігінің құлпы ашылып қала беретінін» көнекөз қариялар айтып отырады.

Керей ишан. ХҮІІІ ғ. Алтайдағы Орта жүздің Абақ керейлері арасында ислам дінін уағыздап қожа, молдалар үгіт насихаттарын өткізе алмай кері қайтқан. Алайда, ХІХ ғ. басында осы керейлерді мұсылман дініне насихаттау үшін әрекеттер жасалып, Бұқарадан келген Шаһмансүр деген кісі керей елін аралап, танысады. Кетерінде өзінің жиырма жастағы ұлы Мұхаммед Момынды керейлер ішіне тастап кетеді.

Мұхаммед Момын Абақ керей елін 40 жылға жуық үгіттеп, мұсылман дінінің ұлылық қасиеттерін танытып, халықты сендіру арқылы дінге бас игізеді. Алтай қазақтарына арнап алғаш мешіт салдырып, медресе ашқан және елдің белді адамдарын бастап Меккеге тәу етуге қажылыққа бастап барған кісі ел арасында мұсылмандық қызметтері үшін ишан атанады. Көзі тірісінде «Қазіретатаң» аталған Мұхаммед Момынды абақ керейлер құрметтеп, пір тұтқан. Бүгінгі күнде оның әруағына тағзым етіп, бас иеді [4]. Жергілікті халық оны керей ишан деп атап кеткен.

Сопылық, ишандық және пір аталған мұсылмандық діни қызметтер халық арасында «қожа» атауымен байланысты болды. Қазақ даласының әрбір өңіріндегі қазақ руларына ишандық қызмет атқарумен бірге, «пір» атанғандар қожа тобынан шыққандар. Олардың мақсаты, халық арасында ислам дінінің негізгі қағидаларын насихаттау, діни имандылық қасиеттерге үгіттеумен бірге құрметті лауазымдарға да ие болды.

Орта Азия халықтарында «ақ сүйек», «ок суяк», «ак сияк» атаулары тек «қасиетті» мұсылман дін иелері аталған қожалар мен сейіттерге ғана берілген.

Мұсылман дін иелері ретінде қожалар жеке меншіктік құқық негізінде егін егетін жерлердің көп бөліктерін, яғни өздерінің діни беделін сақтаумен бірге көп жер учаскелерін де иеленді. ХҮІІІ-ХІХ ғ.ғ. қожалардың кейбір әулеттері жерді меншіктенушілер ретінде таныла отырып, алым-салық төлеуден де босатылғандығы тарихи этнографиялық деректердің негізінде белгілі.

Діни адамдардың барлығы да сейіттер мен қожалар тегінен шығуы міндетті болды. Сейіттер ел басқару ісінің басында отырды, оларды жауапты қызметтерге, тіпті дипломатиялық қызметтерге де пайдаланған [2, 507-б.]. Сондықтан да діни қызметкерлер саналған қожалар жергілікті халық арасында ерекше құрметтелді.

Қожалар көшпелі қазақ қоғамында далалық исламды таратушы және діни ғұрыптық дәстүрлерді орындаушылар ретінде танылып Әз Тәукенің «Жеті жарғысында» және одан кейінгі қазақ қоғамындағы дәстүрлі әдет-ғұрып құқығы ережелерінде де ерекшеленді. Сондықтан да олардың ережелерінде де қожалардың артықшылықтары белгіленіп, қазақ даласындағы ғасырлар бойы қалыптасқан жүйені ұстанды.

Бүгінде қожалар - қазақ руларына сіңісіп кеткен топтың бірі. Олардың өз алдына көп шоғырланған территориясы Жаңақорған, Түркістан, Қызылорда мен Оңтүстік Қазақстан өңірлерімен бірге бүкіл Қазақстан территориясынан кемінде 1-2 шаңырақ қожаларды да кездестіруге болады. Сондай-ақ көршілес Орта Азия Республикалары мен Моңғолия, Қытай қазақтары арасында да күні бүгінге дейін қожалардың өмір сүретіндігі анықталды. Олар қазақ халқындағы үш жүзге жатпайтын субэтникалық топтың бірі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Казахи: историко – этнографическое исследование. – А.: Арыс, 1995, 238 с.
2. Уәлиханов Ш.Ш. Алтышаһардың немесе Қытайдың Нан-лу провинциясының (Кіші Бұқараның) шығыстағы алты қаласының жайы туралы. – А.: Ғылым, 1985, 560 б.
3. Али Аббас Чинар Орта Азия түрік мәдениетіндегі ишандық дәстүр // Bilig, 1995, Saul-1, 49-61 бб.
4. Мұхамедханұлы Н. Керей ишан /Иман, 1992, 3 қыркүйек, 5 б.

ӘӨЖ 392.9

«СҮЙЕК» ҰҒЫМЫНА ҚАТЫСТЫ САЛТ – ДӘСТҮРЛЕР

Кисманова Эльмира Абулкасимовна

ae.11.ken@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Археология және этнология мамандығының 3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - З.Ибадуллаева

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінің белгілі бір бөлігін құрайтын «сүйек» ұғымы және оның этнографиялық мәні, оның қазақи болмыстағы этномәдени ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда зерделеу қазақ этнографиясы үшін маңызды мәселелердің бірі. Тақырыптың зерттеу ауқымына орай «сүйек» ұғымына қатысты салт дәстүрлер да қазақ этнографиясы үшін зерттеу объектісі ретінде орын алады.

Сол себептен зерттеудің басты мақсаты, сүйектің этнографиялық қыр сырын анықтауда сүйектің әдет ғұрыптар мен салт дәстүрлер және наным сенімдер жүйесіндегі мәселелерді тарихи-этнографиялық тұрғыда зерттеп саралау да бүгінгі біздер, яғни болашақ ұрпақ алдындағы келелі мәселелердің бірі.